

## Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 11 шілдедегі № 312 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 10 тамызда № 14103 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 16 тамыздағы № 575 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 16.08.2022 № 575 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 296-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ тіркелген бұйрықты алған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2016 жылғы 11 маусымдағы  
№ 312 бұйрығымен  
бекітілген

## **Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу қағидалары**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 296-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар радиоактивті және медициналық қалдықтармен жұмыс істеу және құрамында жойылуы қиын органикалық ластауыштары бар қалдықтар саласындағы есеп жүргізуге қолданылмайды.

### **2-тарау. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу тәртібі**

3. Қалдықтармен жұмыс істеуді жүзеге асыратын тұлғалар және қауіпті қалдықтарды өндірушілер өндіріс және тұтыну қалдықтарын қалдықтардың түрі, саны және қасиеттері бойынша есебін жүргізеді.

4. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу журналында (бұдан әрі – журнал) жүзеге асырылады.

5. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу массасындағы нақты өлшеунегізінде жүргізіледі. Қалдықтар санының барлық мәні қалдықтардың массасы бойынша тоннамен ескеріледі және үтірден кейін үш белгіге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенеді (килограммға дейінгі дәлдікпен).

6. Пайдаланудан шығарылған құрамында сынабы бар люминесцентті шамдар бұйымның массасы бойынша көрсетіледі.

7. Журналдың әрбір толтырылатын жолдың бағанында қалдық санының мәні немесе ол болмаған жағдайда нөл көрсетіледі.

8. Қалдықтармен жұмыс істеуді жүзеге асыратын тұлғалар және қауіпті қалдықтарды өндірушілер қызмет процесінде құралған, жиналған,

тасымалданған, кәдеге жаратылған немесе орналастырылған қалдықтарды есепке алудың толықтығын, үздіксіздігін және шынайылығын қамтамасыз етеді.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу қағидаларына қосымша

нысан

### Өндіріс өндіріс және тұтыну қалдықтарын есепке алу журналы

Қалдықтың түрі \_\_\_\_\_

Қауіпті құрамы: \_\_\_\_\_

(бар болса)

Күні	Түзілген қалдықтар саны (тонна)	Тасымалданатын қалдықтар саны (басқа тұлғалардан түскен) (тонна)	Кәсіпорынның ішінде кәдеге жаратылған, қайта өңделген немесе орналастырылған қалдықтардың саны, мөшелері			Басқаларға берілген қалдықтардың саны		
			Кәдеге жаратылған немесе қайта өңделген қалдықтар саны (тонна)	Уақытша сақтау орындарына орналастырылған қалдықтар саны (олар кезде), (тонна)	Көмілген қалдықтар саны (тонна)	Кәдеге жаратуға немесе қайта өңдеуге берілген қалдықтар саны (тонна)	Көмуге берілген қалдықтар саны (тонна)	Ұйым атауы, қалдықтарды беру туралы шарттың күні, нөмірі және қолданылу мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8	9